



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

11. OECD. International Migration Outlook 2016 (англ.). OECD (19.09.2016). Проверено 20 ноября 2016.
4. 13.Көші-қон дағдарысы: ЕО Түркияға қаржылай көмек көрсетуі мүмкін //www.bnews.kz
14. ЕО Түркияға көші-қон дағдарысымен күреске 3 млрд еуро бөледі// <http://fifa2014.zakon.kz>

ӘОЖ 32.019.5

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ШЕКАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мақашева Элеонора Мұхамедәліқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, аймақтану мамандығының 1 курс магистранты Астана,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - П.Қ.Қилыбаева

Қазақстан-Ресей қатынастарының тәжірибесінде аймақтық және шекаралық ынтымақтастықтың нақты түрлері қалыптасқан. Олардың келесідей түрлерін атап өтуге болады: - мемлекеттер арасындағы, олардың әкімшілік-территориялық құрылымдары мен жергілікті басқару органдарының арасында аймақтық және шекаралық ынтымақтастық туралы келісімдерге келу; - өзара жоспарлар мен іске асыру бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру; - екі елдің шаруашылық субъектілері мен басқа да заңды тұлғалары арасындағы ынтымақтастық туралы азаматтық-құқықтық келісімдерге келу; аймақтық және шекаралық ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған нақты механизмдерді ойлап табу мақсатында шекаралық ынтымақтастық бойынша өзара реттеуші органдарын және оларға қатысты жұмыс органдарын құру; шекаралық ынтымақтастық бойынша өзара кездесулер мен форумдарды өткізу [1]. Соңғы жылдардағы Ресей - Қазақстан қатынастарының сараптамасы жоғарыда айтылған аймақтық және шекаралық ынтымақтастықтың жүзеге асырылу деңгейін, олардың ерекшеліктерін және тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

1995 ж. бастап қазіргі кезеңге дейінгі Ресей және Қазақстан аймақтарының арасындағы шекаралық ынтымақтастық нақты мемлекетаралық Келісімдер мен Бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Екі мемлекет арасындағы аталмыш Келісімдерге 1995, 1999 және 2010 жж. қол қойылды. Бұл құжаттар келесідей уақыт аралығында қол қойылған ресей-қазақстан аймақтарының шекаралық ынтымақтастығының үш бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылды: 1999-2007 жж.; 2008-2011 жж. и 2012-2017 жж. [2]. Осы келісімдердің сараптамасы, жалпы алғанда олардың барлығы ынтымақтастықтың бірдей бағыттарын құрайтындығын көрсетті. Атап айтсақ, сауда экономикалық бағыт, өнеркәсіп, көлік, денсаулық сақтау және әлеуметтік саясат, көші-қон саясаты, құқыққорғау, кеден, шекаралық бақылау, ғылым және білім, қоршаған ортаны қорғау, туризм, мәдениет, спорт және жастар саясаты салалары. Келісімдердің басты айырмашылығы олардың мерзімдерінде ғана: 1995 және 2010 жж. Келісімдер бес жыл мерзімге құрылған болса, 1999 ж. келісім жеті жыл мерзімге құрылды. Шекаралық ынтымақтастықты дамыту барысында олардың түрлері де өзгеріп отырды. Мысалы 1999 ж. Келісімнің ерекшелігі оның 1999-2007 жж. арналған Ресей және Қазақстан аймақтарының шекаралық ынтымақтастық Бағдарламасымен бірге қабылданғандығында болып табылады. Солай бола тұра, жақтар Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыс координациясын шекаралық аймақтардың өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық бойынша Үкіметаралық комиссияға жүктеді (11 бап).[3]. Осылайша келісімдердің орындалуын координациялау алғашқы рет ұлтүсті органға табысталды. Басқа бағдарламалар болса Келісімге қол қойылғаннан кейін ақ қабылдана берді. 2010 ж. Келісім жалпы шарттар мен келісімдердің қол қойылуының дайындығына маңызды терминдердің түсіндірмесін

қамтыды: «РФ шекаралық субъекті», «ҚР шекаралық облысы», «құзырлы органдар», «шаруашылық субъектілер» (2 бап). Құжат сонымен қатар Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы аймақаралық және шекаралық ынтымақтастықтың өзінің де анықтамасын қамтыды. Олар «ҚР облыстары және РФ субъектілерін, соның ішінде ҚР шекаралық облыстарын және РФ шекаралық субъектілерінің әлеуметтік-экономикалық дамытуға, халықтардың әлеуетін көтеруге, мемлекеттер арасында өзара тиімді және достық қатынастарды нығайтуға бағытталған құзырлы органдармен келісілген белгілі бір әрекет ретінде түсіндіріледі» (3 бап). 2008 ж. Ақтөбе қаласында 22 қыркүйекте Мемлекет басшыларының қатысуымен өткен Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының Аймақаралық ынтымақтастық туралы V форумының шешімі бойынша екі елдің шекаралық аймақтарына кірмейтін ішкі территориялық өкілдерінің қатысуымен форум құрамы сапалы түрде өзгерді. Бұл жағдай 2010 ж. Келісімнің «аймақаралық және шекаралық ынтымақтастық туралы» деп аталуына да өз септігін тигізді.

Келісімдерді жүзеге асыру бойынша бағдарламалар екі жақтың өзара ықпалдастығының басым бағыттарын және олардың шекаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша міндеттерін айқындады. Екі жақтық қарым-қатынастарды айқындайтын соңғы бағдарлама 2017 ж. 10 қарашасында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы аймақтық және шекаралық ынтымақтастықты дамыту туралы 2018-2023 жж. арналған бағдарлама болып табылады [4]. Бағдарламалардың мазмұны мен маңызына объективті баға беру үшін оның негізгі міндеттері мен бағыттарына да көз жүгірткен абзал. Бұл соңғы бағдарлама бойынша негізгі міндеттер мыналар деп айқындалған: - екі елдің аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізетін аймақаралық бағдарламалар мен өзара жобаларды құру және жүзеге асыру; - экономикалық кооперацияны дамыту үшін, екі ел шаруашылық субъектілерінің арасында тікелей байланыстардың орнатылуына жағымды жағдайлар жасау; - аймақтардағы инвестициялық белсенділікті арттыру; - шекаралық территориялардың бәсекелестік артықшылықтарын дамыту; аймақтардың сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту; - кіші және орта бизнес саласындағы өзара жобаларды жүзеге асыру; ақпараттық ықпалдастық жүйесінің жұмысын жеделдету; - екі ел шекара территорияларында экологиялық және эпидемиологиялық жағдайларды өзара мониторингтеу жүйесін дамыту; трансшекаралық апаттарға жылдам әрекеттену жүйесін дамыту; - екі ел халықтарының тарихи ескерткіштерін, мәдениеттерін, ұлттық, діни құндылықтарын сақтап қалу. Екі ел арасындағы қарым қатынастардың басым салаларына сауда-экономикалық сала, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы денсаулық сақтау және әлеуметтік саясат, ақпараттық технологиялар және байланыс, ғылым және білім, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет жататындығы құжатта айқындалған.

РФ шекаралық субъектілерінің және Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы өзара ықпалдастық тек қана үкіметаралық Келісімдердің негізінде ғана емес, сонымен қатар бір-бірімен екі жақты келісім-шарттарға қол қоюмен де жүзеге асырылады. Бұл нақтырақ РФ шекаралық ынтымақтастық туралы концепциясында айқындалған (4 бап)[1].

Қазіргі таңда Ресей мен Қазақстан аймақтары шекаралық ынтымақтастықта кең ауқымды қатысушылардан құралған, олар бірқатар құқықтық актілер негізінде өзара ықпалдастық жүргізежі, атап айтсақ: 1) РФ субъектілерінің және ҚР облыстарының мемлекеттік билік органдары арасындағы Келісімдер, меморандумдар және протоколдар; 2) шекаралық территориялардың муниципалдық құрылымдары арасындағы келісім-шарттар; 3) шаруашылық субъектілері арасындағы келісім-шарттар.

Мазмұны бойынша, кейбіреулерін есепке алмасақ, барлық келісімдер кешенді сипатқа ие және сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықтарды ретке келтіріп отыруға бағытталған. Тағы да айта кететін жайт РФ субъектілерінің көбі Қазақстан Республикасының Ресеймен шектеспейтін облыстарымен көбіне келісімге отыратындығы және РФ субъектілерінің көп бөлігі алып өнеркәсіптер болғандықтан, Қазақстан тарапынан

олармен келісімге отыратындар қатарында да көбінесе – Астана, Алматы, Қарағанды облысы сияқты алып территориялық бірліктер болып табылады.

ҚР және РФ арасындағы келісімдер шеңберінде ынтымақтастықтан бөлек екі ел арасындаынтымақтастық мәселелері бойынша жиналыстардың нәтижесі бойынша қол қойылған хаттамалар мен меморандумдарар негізінде де байланыстар дамып келеді. Мысалы: РФ Астрахань облысы Әкімшілігі мен Атырау облысының және Батыс Қазақстан облысының Әкімдігі арасындағы сауда, экономикалық, техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту бойынша хаттама (26.05.2010 ж.), 2005 ж. 24 мамырында РФ Омбы үкіметінің және Солтүстік Қазақстан облысының Әкімдігі арасындағы сауда, экономикалық, ғылыми, техникалық, гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастық бойынша Меморандум.

Шекаралық ынтымақтастық бойынша өзара координациялау органдарын және оларға қатысты аймақтық және шекаралық ынтымақтастықты жетілдірудің нақты механизмдерін жасау бойынша жұмыс топтарының сараптамасы олардың ең бастысы ұлтүсті деңгейде жемісті екендіктерін көрсетті. Ондай органдарды координациялау бойынша жұмыс РФ және ҚР арасындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша Үкіметаралық комиссияға беріледі.

Қазіргі таңда бұл комиссиялар аймақаралық және шекаралық ынтымақтастық саласындағы басты ұлтүсті құрал болып табылады. Ресей мен Қазақстан арасындағы үкіметаралық комиссия 1997 ж. Алматы қ. құрылған және қазіргі таңға дейін 18 астам отырыстарды өткізді. Оның құрамында 7 шағын комиссиялар бар, оларға: аймақтық және шекаралық ынтымақтастық бойынша шағын комиссия; - көлік бойынша шағын комиссия; - әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша шағын комиссия; - «Байқоңыр» кешені бойынша шағын комиссия; - Инвестициялық және банк аралық ынтымақ бойынша шағын комиссия; - ғылым және жаңа технологиялар бойынша шағын комиссия [5].

Комиссия құрамында екі елдің өкілдігі бойынша да, сонымен қатар мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының және орталық министрліктер мен ведомстволардың сәйкестігі бойынша да нақты баланс сақталынған. Шағын комиссиялардың негізгі міндеттеріне екі жақты шекаралық ынтымақтастықтың жағдайын сараптау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар даярлау, екі жақты келісімдерді, шарттардың, ұзақ мерзімді бағдарламалардың және жобалардың екі жақпен де орындалуын қамтамасыз ету, сонымен қатар, шағын комиссиялардың отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуына жалпы бақылау жатады. Шағын комиссиялар отырыстары жыл сайын өткізіледі. Кезек бойынша Қазақстанда немесе Ресейде. Шағын комиссияның құрылуынан бастап 17 отырысы болып өтті. Шағын комиссия жұмысына шекаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын сараптау, нақты жобаларды қолдау туралы шешім қабылдау; Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін жыл сайынғы аймақаралық форумның құжаттарын дайындау жатады.

Аймақтық және шекаралық ынтымақтастықтың тағы бір түріне мемлекеттік биліктің уәкілетті орагандарының кездесулері кіреді. Қазақстан-Ресей саммиттерінде мұндай кездесулер жыл сайынғы мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін жыл сайынғы аймақаралық форум түрінде өткізіледі. Олардың барысында шекаралық ынтымақтастық мәселелері, мүмкіндіктері бойынша кең түрлі диалог жүргізіледі, екі жақты қарым-қатынасты дамыту бойынша ұсыныстармен алмасу қарастырылған. Форумдардың жұмысы әрдайым мамандардың назарында [6]. Оларды шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады: бірінші – 1-5 Форум, олар тек қана шекаралық аймақтардың қатысуымен өткен болса, екінші кезең 5-ші форумнан бастау алып қазіргі кезеңге дейін жалғасуда, оның басты ерекшелігі онда екі елдің басшыларының қатысуында, сонымен бірге шекаралық аймаққа кірмейтін ресейлік және қазақстандық аймақтардың басшыларының қатысуында. Басқаша айтқанда, шекаралық форум, аймақаралық ынтымақтастық форумға айналды. Сәйкесінше оның құрамы мен қатысушылар және талқылайтын мәселелері де өзгерді.

Кесте 1.2003 ж.-2017 ж. аралығындағы Қазақстан-Ресей аймақаралық және шекаралық

ынтымақтастық форумдары.

№	Өткізілген орны және уақыты	Форумда талқыланған негізгі мәселелер
I	15 -16 сәуір 2003 г., Омбы	Қазақстан мен Ресейдің шекара ынтымақтастығын дамытудың басымдықтары
II	15-17 мамыр 2005 ж., Челябинск	Шекара территорияларының транзиттік потенциалын дамыту мәселелері
III	3-4 қазан 2006 ж., Орал	Шекара аймақтарының экономикалық байланыстарын және ресей-қазақстан шекараларын дамыту
IV	4 қазан 2007 ж., Новосибирск	Шекара аймақтарының гуманитарлық ынтымақтастығын дамыту
V	22 қыркүйек 2008 ж., Ақтөбе	Шекара ынтымақтастығы саласына жоғарғы технологияларды және инновациялық мүмкіндіктерін арттыру
VI	11 қыркүйек 2009 ж., Орынбор	Энергетика саласында Ресей және Қазақстан аймақтарының ынтымақтастығы
VII	6-7 қыркүйек 2010 ж., Өскемен	Жоғарғы технологиялардың тұрақты дамуы саласындағы өзара ықпалдастық
VIII	15 қыркүйек 2011 ж., Астрахань	Траншекаралық сипаттағы апатты жағдайлардағы өзара әрекеттер
XIX	18 -20 қыркүйек 2012 ж., Павлодар	Қазақстан және Ресейдің инновациялық ынтымақтастығы және өндірістік кооперациясы
X	9- 11 қараша 2013 ж., Екатеринбург	Инновация және өнеркәсіптік кооперация саласындағы ынтымақтастық
XI	30 қыркүйек 2014 ж., Атырау	Көмірсутектер саласындағы инновациялар
XII	16 қыркүйек 2015 ж., Сочи	Агроөнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық және азық түлік қауіпсіздігі
XIII	4 қазан 2016 ж., Астана	Еуразия кеңістігінің көлік әлеуетін дамыту, екі ел арасында тауар шектеулерін қысқарту, туризм саласындағы ынтымақтастық
XIV	7 қараша 2017 ж., Челябинск	Адам капиталының дамуы

Форумдарда тақырыпты көрмелер өткізіліп, келісім-шарттарға қол қойылды [7]. Бұл шаралар үлкен экономикалық әсер қалдырып отырды. Мысалы айтсақ, Павлодарда өткен IX форумның нәтижесінде 30-ға жуық келісімдерге қол қойылды, соның ішінде 2 млрд. долларды құрайтын нақты жобалар да болды. Екатеринбургте өткен X мерекелік форумда аймақаралық және шекаралық ынтымақтастықтың кең болашағын айқындайтын бір қатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Соның ішінде ерекше атап өтетіні XXI ғ. Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік пен одақтастық қатынастар туралы Келісім, онда екі ел арасындағы қатынастардың ішкі және сыртқы саясаты ұзақ мерзімге айқындалды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев айтқандай Келісім «Қазақстан мен Ресейдің үшінші мыңжылдықтағы өзара тиімді әріптестігінің сенімді негізі болады» [8].

Жалпы Қазақстан мен Ресейдің аймақаралық және шекаралық ынтымақтастығының қазіргі заманғы жағдайы кейбір шешімін таппаған мәселелердің болуына қарамастан жақсы даму болашағы бар, позитивті құбылыс деп қорытындылауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция приграничного сотрудничества в РФ. (утв. Распоряжением Правительства РФ от 9 февраля 2001 г. N 196-р) // Собрание законодательства Российской Федерации от 19

февраля 2001 г. – №8. – Ст. 764.

2. Программа приграничного сотрудничества регионов Российской Федерации и Республики Казахстан на 1999-2007 гг.; Программа приграничного сотрудничества регионов Российской Федерации и Республики Казахстан на 2008-2011 гг.; Программа межрегионального и приграничного сотрудничества между Российской Федерацией и Республикой Казахстан на 2012-2017 гг.

3. Соглашение между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан о приграничном сотрудничестве регионов Российской Федерации и Республики Казахстан на 1999-2007 гг. (Астана, 24 сентября 1999 г.) // Бюллетень международных договоров. – ноябрь 2000. – № 11

4. ПРОГРАММА межрегионального и приграничного сотрудничества между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан на 2018 – 2023 годы <http://economy.gov.ru/wps/wcm/connect/5a5f360b-c2c2-4438-9e9b-12dbc66af549/program.pdf?MOD=AJPERES&CACHEID=5a5f360b-c2c2-4438-9e9b-12dbc66af549>

5. Межрегиональное и приграничное сотрудничество в государствах-участниках СНГ (информационно-аналитическая записка). Содружество независимых государств. Исполнительный комитет СНГ. М.:ВИНИТИ, 2011. – С. 14.

6. Николаев С. Россия – Казахстан: приграничное и межрегиональное сотрудничество // Международная жизнь. – 2010. – №11. – С. 49-57.

7. Форум безграничного сотрудничества // Казахстанская правда. – 2012. – 12 сентября.

8. X Форум межрегионального сотрудничества России и Казахстана. Стенографический отчет. URL: <http://news.kremlin.ru/news/19597>. Дата обращения: 18 ноября 2013 г.

УДК 327[494:4]

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗИТИВНОГО ИМИДЖА ЕАЭС СРЕДИ МОЛОДЕЖИ

Манцевич Елизавета Сергеевна

mantsevichlizaveta@gmail.com

Магистрант кафедры регионоведения Факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Р.Т.Айтбаева

Сегодня наряду с политической значимостью, военным весом и экономической мощью на международной арене огромную роль играет формирование имиджа. Причем, имидж важен как для государств, так и для международных и региональных интеграционных объединений.

В общих чертах внешнеполитический имидж представляет собой совокупность представлений о государстве или организации, сформировавшиеся в остальном мире [1].

В последние годы интерес к построению позитивного внешнеполитического имиджа у участников международных отношений значительно возрос. В ряд международных терминов вошло понятие “репутационный капитал”, который непосредственно и отражает ту репутацию, которая сложилась у государства или у международной организации за ее пределами, а также внутри них, на локальном, региональном или глобальном уровнях. “Репутационный капитал” может влиять на привлечение инвестиций из других стран, туристов и даже на значимость мнения субъекта международных отношений при решении каких-либо международных ситуаций[1]. Следовательно, позитивный имидж субъекта международных отношений сегодня является определяющим фактором в формировании внешнеполитического влияния, а также ситуации внутри страны или организации. Безусловно, базисом формирования имиджа выступают общепризнанные нормы, среди которых можно выделить следующие: имидж руководства, история государства или